

«Бала Мәшһүрдің» тұсауын кесті

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, қаламгер Сүлеймен Баязитов 18-ші кітабын жарыққа шығарды. Облыстық С.Торайғыров атындағы орталық кітапханада «Бала Мәшһүр» деп аталатын жаңа туындының тұсаукесер рәсімі өтті.



Алпысбай ХОНЖ

Әдеби шараға қаламгердің үзеңгілес достары, замандастары және басқа да зиялы қауым өкілдері қатысты. Жергілікті кітапханашылар мен облыстық мамандандырылған әскери мектеп-интернатының оқушылары да кештегі фибратты әңгімелерге құлақ түрді. Биыл 75 жас мерейтойын тойлайтын ақын жаңа кітабының жазылу барысына тоқталып өтті.

- Бұл кітабыма балаларға арналған туындыларым топтастырылды. Кітап екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге өлеңдерімді жинақтадым. Ал екінші бөлім «Көргендерім, көңілге түйгендерім» деген атаумен жазылды. Осыдан екі жыл бұрын «Бала Мәшһүр» атты поэмалды аяқтадым. Осы туындым да кітаптан орын тапты. Сондай-ақ «Ар соты алдында» атты поэманы да оқырмандарым аталған кітаптан оқи алады. Бұл екі туынды бұған дейін облыстық «Сарыарқа самалы» газетінде жарияланды. Қаламгерлерге үнемі қолдау білдіріп, ақпараттық демеушілік көрсететін қара шаңырақ - облыстық басылымға алғыс айтамын. Осы кітап арқылы өмірден көрген-білгенімді, тарихи оқиғаларды шамам жеткенше

жас ұрпаққа жеткізсем деймін, - деді ақын Сүлеймен Баязитов.

Тұсауы енді ғана кесілген кітаппен танысқан Қазақстан және Моңғолия Жазушылар одағының мүшесі, қаламгер Ақын Алақанұлы туынды иесінің шығармашылық қырына былайша баға берді.

- Сүлеймен Баязитов - әдебиеттің екі жаңрында - проза және поэзия саласында қалам тербеп жүрген өңірдегі айтулы қаламгер. Оның жаңа туындылар топтамасын оқи отыра «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» тұстарын жиі байқадым. Автордың ерекшелігі - шығармаларының негізгі өзегін өмірден алады. Сондай-ақ жырларында, әңгімелерінде тарихи оқиғалар жиі кездеседі. С.Баязитовтың шығармасы шынайылығымен құнды, сонысымен елдің есінде қалады, - деді Ақын Алақанұлы.

Расымен де, С.Баязитов шығармашылыққа келгенде тақырып талғаған емес. Поэзиялық туындылармен қоса прозалық шығармаларды да жиі жарыққа шығарумен келеді. Ол балалар әдебиетіне де біршама үлес қосты. «Бала Мәшһүр» - автордың жас жеткіншектерге арнаған төртінші кітабы. Қаламгер жаңа туындыны өз қаражатына шығарғанын айта кеткен жөн. Ақын



жуырда Ертіс-Баян өңірінен шығып, атағы Алашқа әйгілі болған Шоң би туралы «Шоң» атты поэмасына нүкте қойды. Ақынның бұл шығармасы да тарих пен руханиятымыздан сыр шертетін сүбелі дүние боларына сенеміз.